

Шектеу іс-шараларын алып тастау туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Угар ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 2 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8)-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2024 жылғы 19 тамыздағы №15-4-1/400 ұсынысы негізінде

ШЕШТІМ:

1. Қарқаралы ауданы, Угар ауылдық округі, Ақбұлақ елді мекенінде орналасқан " Бірлік" шаруа қожалығының жайылымы аумағында белгіленген "Жылқы ринопневмония" ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Қарқаралы ауданы, Угар ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 1 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімі жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Угар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

Н.Капитан